

2016 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Көмек көрсету және оны пайдалануды бақылау тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 120 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Көмек көрсету және оны пайдалануды бақылау тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Ұзақбайұлы Маминге 2016 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Көмек көрсету және оны пайдалануды бақылау тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 16 наурыздағы
№ 120 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

**2016 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Көмек көрсету**

**және оны пайдалануды бақылау тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз
Республикасының Үкіметі арасындағы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

2016 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Көмек көрсету және оны пайдалануды бақылау тәртібі туралы хаттаманың (бұдан әрі – Хаттама) 13-бабына сәйкес,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Хаттамаға мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Хаттаманың 6-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техникалық жәрдем көрсету туралы хаттамаларды жасасу мақсатында еуразиялық интеграция шеңберінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын Қырғыз Республикасының уәкілетті органы сатып алынатын тауарлар, жабдықтар, көрсетілетін қызметтер мен құрылыс үшін – техникалық жәрдем көрсету іс-шараларының тізбесін және техникалық ерекшеліктің, баға ұсыныстарының, техникалық тапсырманың, техникалық-экономикалық негіздеменің, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес жобалау-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптама қорытындысының бар екендігі туралы қорытындыны Қазақстан Республикасының бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органына ұсынады;

2) Қазақстан тарапының техникалық жәрдем көрсету іс-шараларына жауапты уәкілетті органы техникалық жәрдем көрсету іс-шараларының тізбесін және осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қажетті қорытындыны алғаннан кейін, келіскен жағдайда, Қырғыз тарапына ақша қаражатын бөлуге дайын екендігі туралы хабарлайды;"

2. Хаттаманың 6-бабы 1-тармағының 2) тармақшасынан кейін мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын, тиісінше тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгерілсін:

"3) Тараптар дайындалған техникалық жәрдем көрсету іс-шараларының тізбесінің негізінде техникалық жәрдем көрсету туралы хаттама әзірлейді және оған қол қояды;"

2-бап

Осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап осы Хаттама күшіне енеді.

Тараптардың осы Хаттамада көзделген барлық міндеттемелері орындалған кезден бастап осы Хаттаманың қолданылуы тоқтатылады.

2017 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманы түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК